

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 5 қаңтар N 11

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылғы 13 қазанда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы Келісімнің бекітілгені туралы Латвия Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия
Республикасының Үкіметі арасында сауда-экономикалық
ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі, бұдан былай "Уағдаласушы Тараптар" деп аталады.

Сауда-экономикалық ынтымақтастық нығайту мен дамыту мақсатында, екі елде де нарықтық қатынастарды дамыту үшін қолайлы жағдай жасау қажеттігіне сүйеніп, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Уағдаласушы Тараптар әрбір Уағдаласушы Тараптың аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тең құқықтық және өзара тиімділік үрдістері негізінде сауда-экономикалық қатынастарды дамыту және кеңейту үшін қажетті шаралардың бәрін қолданатын болады.

2 - б а п

Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің арасында сауда қатынастарын дамытуға арналған өзара тиімді шарттарды қамтамасыз ету мақсатында төмендегілерге қатысты б і р - б і р і н е :

а/ импорт пен экспортқа қатысты қолданылатын баж салықтарына, салықтар мен алымдарға, осындай баж салықтарын, салықтар мен алымдар алудың әдістерін қоса а л ғ а н д а ;

ә/ кедендік тазартуға, транзитке, жүкті үйіп-жыюға, жүкті қайталап тиеуге қатысты ережеде және басқа да осы тәрізді қызметтер көрсетуде;

б/ төлемдерді жүзеге асыру әдістері мен олардың аударымында;

в/ ішкі нарықта тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөліске және пайдалануға қатысты ережеде ұлтқа барынша қолайлы жағдай жасалатын режим береді .

3 - б а п

2 - б а п т ы ң е р е ж е л е р і :

а/ әрбір Тарап шекаралық сауданы жеңілдету үшін көршілес елдерге берген немесе беруі мүмкін артықшылықтарға;

ә/ әрбір Тараптың қазіргі бар немесе болашақта құрылуы ықтимал кедендік одақтарға яки еркін сауда-саттық аймақтарына мүшелігінен туындайтын артықшылықтарға ;

б/ Тарифтер мен сауда-саттық туралы Бас Келісімге /ТСБК/ сәйкес үшінші елдерге берілетін артықшылықтарға және ТСБК, сондай-ақ басқа да халықаралық келісімдерге сәйкес дамушы елдерге берілетін артықшылықтарға қолданылмайтын болады.

4 - б а п

У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п т а р :

а/ осы Келісімнің қолданысына жататын тауарларға өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші елдерде шығарылатын тауарларға салынатын тиісті салықтар мен алымдардан артып түсетін тікелей яки жанама түрдегі ішкі салықтар мен алымдар с а л м а й т ы н б о л а д ы ;

ә/ осы Келісімнің қолданысына жататын тауарларды импорттауға қатысты ұқсас жағдайларда ішкі өндірістің ұқсас тауарларына немесе үшінші елдерде шығарылатын тауарларға қолданылмайтын әрбір шектеулер

немесе талаптар қоюды енгізбейтін болады.

5-бап

Транзитті жүк тасымалдарының тәртібі мен шарттары жеке келісімдермен белгіленеді.

6-бап

Екі мемлекет арасындағы сауда-саттыққа есеп айырысулар мен төлемдердің бәрі халықаралық сауда мен қаржылық тәжірибеде қолданылатын ағымдағы әлемдік бағаларды және шарттарды қолдану арқылы Орталық Банктер арасында жасасылған Келісімдерге сәйкес еркін өтімді валютада немесе ұлттық валютада жүзеге асырылатын б о л а д ы .

7 - б а п

Тауарлар жөнелтілімінің және қызметтер көрсетудің тәртібі, номенклатурасының көлемі қажет болған жағдайда әрбір келесі жылға жеке хаттама арқылы келісіледі.

8 - б а п

Уағдаласушы Тараптар экономикалық қызметтің субъектілері

мен екі мемлекеттің ұйымдары арасында тікелей байланысты дамытуға жәрдемдесетін болады.

Уағдаласушы Тараптар ғылым мен технология, экология, көлік, туризм және коммуникация салаларында, қызметкерлерді оқыту мен ортақ мүдделілікті көздейтін басқа да салаларда ынтымақтастықты дамытатын болады.

9-бап

Осы Келісімнің ережелері әрбір Уағдаласушы Тараптың тауарлар экспортына, импортына және транзиттік өтуіне қатысты тыйым немесе шектеу жөніндегі шаралар қолдану құқығын шектемейді, аталған шаралар:

- а/ ұлттық қауіпсіздікті қорғауға;
- ә/ адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, хайуанаттар мен өсімдіктерді ауруға шалдығудан сақтандыруға;
- б/ өнеркәсіптік және интеллектуалдық меншікті қорғауға;
- в/ ұлттық көркемдік, тарихи және археологиялық игіліктерді қорғауға;
- г/ табиғи ресурстардың сарқылуын болдырмауға;
- д/ қоғамдық имандылықты қорғауға;
- е/ отандық өндірісшілерді қорғауға бағытталады.

Алайда, мұндай тыйым салулар мен шектеулер екі ел арасындағы сауда-саттықты жосықсыз кемсітушіліктің немесе жасырын шектеудің құралы ретінде орын алуға тиісті емес.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар әрбір елдің аумағында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес инвестицияны өзара қорғау туралы келісім жасауға келісті.

11-бап

Уағдаласушы Тараптар сауда-саттық, коммерциялық, инвестициялық, салық қызметі туралы және қаржылық қызмет туралы өзара ақпарат беріп тұруға жәрдемдесетін болады.

12-бап

Осы Келісім Уағдаласушы Тараптардың бұрын үшінші елдермен жасасқан басқа келісімдерінің қолданылуына ықпал етпейді.

13-бап

Осы Келісімге Уағдаласушы Тараптардың келісімі бойынша жазбаша түрде өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

14-бап

Осы Келісімді түсіндіру мен қызметтер көрсетуге қатысты дау-дамай Уағдаласушы Тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешілуге жатады. Тауарлар жөнелтілімі мен қызметтер көрсету жөнінде шарттар жасасу мен орындау кезіндегі экономикалық қызмет субъектілері арасында туындайтын дау-дамайды халықаралық тәжірибеге сәйкес соттар қарайтын болады.

1 5 - б а п

Уағдаласушы Тараптардың өкілетті өкілдері осы Келісімнің орындалу барысын қарау үшін Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасында алма-кезек кездесіп тұратын болады.

1 6 - б а п

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін Уағдаласушы Тараптар қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғандығы туралы бір-біріне хабарлап, ноталар алмасқаннан кейін күшіне енетін болады және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тарапты келісімнің қолданылуын тоқтату туралы өз ниетін 6 ай бұрын жазбаша түрде хабарлаған уақытқа дейін қолданылады.

Осы Келісімнің күші тоқтатылған жағдайда оның ережелері осы Келісім күшінде болған кезеңде жасасылған барлық контрактыларға олар бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін қолданылатын болады.

Алматы қаласында 13 қазан 1994 жылы әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалады және де барлық текстердің күші бірдей. Осы Келісімді түсіндіру, қолдану және орындау жөнінде Уағдаласушы Тараптарда алшақтық туындаған жағдайда, Уағдаласушы Тараптар Келісімнің орыс тіліндегі текстін басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының Латвия Республикасының
Үкімет үшін Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасы мен Латвия
Республикасының арасында 1994 жылға арналған
аса маңызды өнім түрлерінің өзара жөнелтімдерінің
мөлшері мен тәртібін келісу

ХАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасында сауда-экономикалық ынтымақтастық үрдістері туралы Келісімнің 7-бабының негізінде Тараптар төмендегілер туралы уағдаласты:

1. Уағдаласушы Тараптар стратегиялық маңызды өнім түрлерінің /N 1 және N 2 қосымшалар/ өзара жөнелтілімдерінің номенклатурасы мен мөлшерін белгілеп, келісті.

N 1 және N 2 қосымшалар Осы Хаттаманың ажырамас бөлігі деп есептелсін.

Аталған қосымшалар Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

2. Тараптар өнімдердің өзара жөнелтілімдері туралы Хаттамаға қол қойылған соң бір ай ішінде онан әрі тұтынушылар бойынша бөлуге арналған хаттама қосымшаларына сәйкес белгіленген квоталар туралы хабар алмасады.

3. Уағдаласушы Тараптар 1994 жылы экономикалық ынтымақтастық басты нысаны Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында құраушы бөлшектер мен бұйымдардың қол жеткен жөнелтілімі деңгейін мейлінше сақтайтын, сондай-ақ бірлескен салалық және салааралық жөнелтілімді сақтайтын тікелей шаруашылық шарттары болып табылады деп уағдаласты.

Шаруашылық шарттарында жөнелтілімдердің номенклатурасы мен мөлшері, шарттық міндеттемелердің орындалу мерзімі және Тараптардың заңдарына сәйкес оларды орындамағаны үшін жауапкершілік көзделеді.

4. Тараптардың шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы есеп айырысулар банкаралық келісімге сәйкес жасасылған Тараптардың ұлттық немесе өкілетті банктерінің корреспонденттік есеп-шоттарын пайдалану арқылы еркін нарықтық бағалар бойынша жүзеге асырылсын.

5. Аса маңызды өнім түрлерінің жөнелтілімі туралы тоқсан

сайын өзара статистикалық ақпарат беру ұйымдастырылсын.

6. Осы Хаттаманы жүзеге асыру процесінде туындайтын мәселелер және оларды шешу жөніндегі шаралар бірлесіп қаралатын болсын.

7. Осы Хаттама оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде екі түпнұсқа болып жасалған Хаттамаға Алматы қаласында 1994 жылы 13 қазанда қол қойылды. Барлық текстердің күші бірдей.

Алшақтық туындаған жағдайда орыс тіліндегі текст шешуші болып табылады.

Қазақстан Республикасы
Экономикалық министрлігі
үшін

Латвия Республикасы
Экономикалық министрлігі
үшін

Қосымша N 1

1994 жылы Қазақстан Республикасынан Латвия
Республикасына рұқсат етілетін өнім
жөнелтілімдеріне арналған квоталар

Сырттан әкелу

Өнім атауы	Өлшем	Саны
	бірлігі	
РАФ шағын автобустары - барлығы	дана	320
оның ішінде санитарлық	дана	220
Ауылшаруашылық мәшинелеріне арналған қосалқы бөлшектер	мың доллар	40
Дозатор сораптар	дана	50
Синтетикалық жіп	тонна	180
Дәрі-дәрмектік құралдар	мың доллар	241
Балық консервілері	млн.шартты қалбыр	1
Сүт консервілері	М Ш Қ	1
Тауарлы балық	мың тонна	10
Асыл тұқымды мал	бас	х/
Қапсырма ілгек	мың куба мет	1300
Тігін бұйымдары	мың доллар	100
Трикотаж бұйымдары	млн. дана	1.30
Шұлық-ұйық бұйымдары	млн. жұп	7
Резеңке аяқ киім	млн. жұп	400
Парфюмерия - косметика тауарлары	мың доллар	110
Галантерея	мың доллар	300

Ескертпе: х/ - жөнелтілімнің мөлшері мен шарттары Қазақстан
астығының жөнелтіліміне байланысты қосымша
келісіммен белгіленетін болады

Қазақстан Республикасы
Экономика министрлігінің

Латвия Республикасы
Экономика министрлігінің

Қосымша N 2

1994 жылы Қазақстан Республикасының Латвия
Республикасына рұқсат етілетін өнім
жөнелтілімдеріне арналған квоталар

Сыртқа шығару

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	Саны
Көмір	мың т	150
Шойын	мың т	5
Ақ қаңылтыр	мың т	8
Цинк	мың т	1
ЦАМ қорытпалары	тонна	150
Латун прокаты	тонна	50
Мыс прокаты	тонна	50
Қола прокаты	тонна	10
Қорғасын табағы	тонна	20
Ортофосфорлық қышқыл	тонна	50
Натрий триполифосфаты	тонна	40
Бидай	мың т	х/

Ескерту: х/ - Жөнелтілімнің ықтималдығы мен оның мөлшерін
Үкімет белгілейді

Қазақстан Республикасы
Экономика министрлігі
үшін

Латвия Республикасы
Экономика министрлігі
үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК